



Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



«Алматы облыстық орыс
орталығы» ҚБ



CISC
Civil Initiatives Support Center

«Азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы» КЕАҚ

**Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалаларында БАҚ беттерінде,
әлеуметтік желілерде ЭМБ қызметіне арналған үздік жарияланымды
және ЭМБ-нің озық тәжірибесін анықтау үшін этномәдени
бірлестіктерге арналған байқаудың
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ереже

Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалаларында БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде ЭМБ қызметіне арналған үздік жарияланымды және ЭМБ-нің озық тәжірибесін анықтау үшін этномәдени бірлестіктерге арналған байқау туралы бұл ереже «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен дайындалды.

Байқаудың ұйымдастырушысы - «Алматы облыстық орыс орталығы» ҚБ (бұдан былай - ұйымдастырушы).

Осы Ереже байқаудың өткізу тәртібін және жеңімпаздарды іріктеу талаптарын анықтайды.

Байқаудың мақсаты:

Этномәдени бірлестіктер арасында жалпыазаматтық бірегейлікті қалыптастыру және қазақстандық патриотизмді дамыту.

Байқаудың міндеттері:

- волонтерлық, білім беру және басқа да бағыттағы іс-шаралар, жобаларды сипаттай отырып, 2019 - 2020 жылдар аралығындағы ЭМБ қызметі туралы презентациялық материал негізінде ЭМБ-ның озық тәжірибелерін анықтау;
- нәтижелерін талдау, ұсыныстар мен ЭМБ жұмыс тәжірибесін тарату;

- ЭМБ қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде көрсетудің тиімді әдістерін анықтау, ақпарат кеңістігінде Қазақстанның көп ұлтты халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің озық үлгілерін насихаттау;
- Қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік тақырыбын қамту кезінде ЭМБ-ның рөлі мен жауапкершілігін арттыру.

Байқауды іріктеу критерийлері:

- этномәдени бірлестіктердің жүргізген жұмыстары мен өткізген шараларының сандық және сапалық көрсеткіштері;
- материалдардың Байқау тақырыбына, тізбектері мен мақсаттарына сәйкестігі;
- қоғамның ЭМБ жұмыстары туралы оң пікірлері;
- материалдың шынайылығы;
- ұсынылған ақпараттың жаңашылдығы мен өзектілігі;
- ЭМБ қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялануы;

Байқауға қатысушылар:

Байқауға Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалаларының этномәдени бірлестіктері қатыса алады.

Байқау комиссиясы:

Байқау комиссияның құрамына жобаның сараптамалық кеңесі, ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшелері кіреді.

Комиссия байқау материалдарын Байқау туралы ережеде анықталған критерийлер бойынша бағалау парақтарын толтыру арқылы бағалайды. Әрбір ұсынылған жұмыс үшін комиссия мүшесінің бағалау парағы толтырылады. Нәтижелер жалпы ұпайларды қосу арқылы шығарылады.

Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі:

Байқауға қатысу үшін электронды БАҚ-тарда, оның ішінде этномәдени бірлестіктердің бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернет-ресурстар беттерінде **2019 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 1 қазанына** дейін ЭМБ-ның мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жарияланған презентациялары: мақалалар, жазбалар, баспа және басқа да материалдар қабылданады;

Байқауға қатысушылар өздерінің өтінімдері мен конкурстық материалдарын 2020 жылдың 5 - 20 қазан аралығында мына электронды мекен-жайға жібере алады: vshivceva-n@yandex.kz

Анықтама үшін телефон: +7 701 750 21 56 үйлестіруші: Вшивцева Наталья Николаевна.

Ұйымдастырушылар материалдардың түскенін растайды, қажет болған жағдайда қосымша ақпарат сұратуға құқы бар. Байқауға жарияланған

қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін берілген өтінімдер қарастырылмайды.

Байқау марапаттары

Байқау нәтижелері бойынша Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалалары бойынша жеңімпаздар жеке-жеке анықталады. Негізгі сыйлықтар – **тұрмыстық техника сатып алуға 120 000 теңгеге сертификаттар**, грамоталар мен алғыс хаттар. Байқау нәтижелері бойынша ЭМБ қызметінің озық тәжірибелер электрондық жинағы жасалады.

Ақпарат Ютуб каналында, ҚХА сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында, Instagram.vk, FB әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

Марапаттау рәсімі 2020 жылдың 24 қазанында онлайн режимінде өтеді. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен марапаттау құжаттарын Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалаларындағы аймақтық Достық үйлерінің өкілдері тапсырады.

Конкурстық өтінімді толтыруға қойылатын талаптар.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде міндетті түрде:

- Осы ережедегі 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша үміткердің толтырған өтініші;
- қосымша құжаттар - презентациялар, мақалалар, сілтемелер, хабарламалар және өтінімнің байқау талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжаттар.

Байқауға қатысуға өтінім электронды түрде ұйымдастырушыларға байқаудың аты және жіберушінің байланыстары көрсетілген түрде ұсынылуы керек.

Байқауға қатысуға ұсынылған өтінімдерді ұйымдастырушылар өтінім қабылданған күні және уақытымен тіркейді.

Байланыс телефондары:

Аймақтық менеджерлер:

Алматы: Шихотов Владимир Семёнович - «Қазақстанның орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ Алматы қалалық филиалының төрағасы, +77017668943, +77077668943, Shihotov.v@mail.ru

Петропавл: Витченко Владимир Николаевич - «Қазақстанның орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығының» Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, +7 777 083 7711, +7 70135 35 831, yvnikku@mail.ru.

Орал: Калашникова Галина Александровна - «Орыс мәдениеті орталығы» ҚБ жастар қанатының жетекшісі, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Орыс мәдениеті орталығы» ҚБ төрағасының орынбасары, +7(777) 372 - 91- 57, calashnicova86@mail.ru

Өскемен: Бибұлова Айзада Ержанқызы – журналист, Өскемен қаласы Жастар Мәслихатының депутаты, 8-777-992-97-08; aizada-uka@mail.ru

Жоба үйлестірушісі Вшивцева Наталья Николаевна
+7 701 750 2156, vshivceva-n@yandex.kz

Қосымша №1

**Алматы, Орал, Петропавл, Өскемен қалаларында БАҚ беттерінде,
әлеуметтік желілерде ЭМБ қызметіне арналған үздік жарияланымды
және ЭМБ-нің озық тәжірибесін анықтау үшін этномәдени
бірлестіктерге арналған байқауға қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Мекеменің аталуы	
Мекен-жайы	
Жетекшінің аты жөні	
Байланыс телефоны және электронды поштасы	
Презентация (осы қосымшаға қоса жіберіледі)	
БАҚ-та, әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың сілтемелері	
Жарияланымдардың атауы және электронды түрде бақыланбайтын БАҚ атаулары.	
Теле-радио бағдарламаларының жазбаларына сілтемелер	

Байланыс телефоны:

Жоба үйлестірушісі Вшивцева Наталья Николаевна

+7 701 750 2156

yshivceva-n@yandex.kz